

СЕРВИС И РЕСТАВРАЦИЯ
ПОСРЕДСТВОМ ЦЕПИ

Более 1000 человек
в 10 регионах
ваш страны

УЛАН

АСТРОНОМИЯНЫҢ КӨРЕГЕНІ

Әскери борышымды өтеп жүрген кезімде Самарқанға арнайы бардым. Орталық алаң — Регистандағы Ұлықбектің медресесінде, расытханасында, Гер-Әмір ғимаратындағы ұлы астрономның қабірі басында болып, тәу еттім.

Бүгінде Ұлықбек есімін білмейтін ел, ғылым ордасы жоқ. Ол ұлы астрономдар Тимохарис, Гиппарх, Птоломей, Албатегний, Вальтер, Региомонтан, Коперник, Принц Гасс, Тихо Брагемен қатар тұр. Ян Гевелийдің «Жұлдызды аспанның атласы» атты әйгілі кітабына енген гравюрада Ұлықбек аталған ұлылардың ішінде құрметті орында бейнеленген. Айдағы кратерлердің бірі Ұлықбек есімімен аталады. Менің көз алдымнан көреген астрономның ауыр да азапты өмір жолы, өшпес еңбектері кино лентасындай өтіп жатты.

Ұлықбектің патша тағында отырып ғылыммен айналысқаны, діннің кейбір қағидаларына келіспегені кезінде дінбасылардың наразылығын тудырды. Бұл наразылықты Ұлықбектің бақталастары шеберлікпен пайдаланды. Қастандықты ұйымдастырушылар тіпті, ұлы ғалымның туған ұлы Абд-эл-Латифті де өзіне қарсы қойды. Өшпенділік насырға шауып, Ұлықбек тақты тастап, Мекеге аттанды. Бірақ оның ата жауы — Аббас Самарқан қаласының маңындағы бір қыстақта оны қуып жетіп, зұлымдық жасады. Ұлықбек соңғы рет жұлдыздарына қарап, мәңгілікке көз жұмды. Бұл 1449 жылғы қазан айының 27-інші жұлдызы еді. Дінбасылары онан кейін де тыныш қалмады. Әлемде теңдесі жоқ ғылым ордасы — расытхананы өртеді. Жермен жексен етіп талқандады. Бірақ ұлы ғалымның негізгі еңбектерін жоя алмады. Оны шәкірті Әли-Құсшы

дер кезінде Ыстамбұлға әкеліп үлгерді.

1648 жылы Англияның ежелгі ғылым мен мәдениет ошағы саналған Оксфорд қаласында Оксфорд университетінің профессоры Джон Гривс Ұлықбектің Самарқан расытханасында жасаған басты еңбектерін тұңғыш рет жартылай жариялады. Алғысөзін жазды.

Арада екі жыл өткенде Лондонда «Ұлықбек Зиджісінің» бірінші бөлімі — хронологиясы жеке жарияланады. 17 жылдан кейін Оксфордтағы Бодлеян кітапханасының сақтаушысы, ғалым, ағылшын шығыстанушысы әрі аудармашы Томас Хайд төжік және латын тілінде Самарқан каталогын «Ұлықбектің бақылауындағы тұрақты жұлдыздардың бойлығы мен ендіктерінің таблицасы» (Оксфорд, 1665 жыл) деген атпен жарыққа шығарады. Ол кезде Ұлықбектің жұлдыздық каталогынан дәл жасалған каталог бүкіл Еуропада жоқ еді. Каталогтың Еуропа ғылымына енуі Самарқан астрономдарының даңқын шығарды. Бұдан кейін де Ұлықбек еңбектері әлемнің әр түкпірінде бірінен соң бірі жарық көріп, астрономия туралы ілімнің көкжиегін кеңейте берді, кеңейте берді.

Міне, жас дос, шарайна Күн көкжиекке ілінген сайын алып бәйтеректің көлеңкесі ұзара түсетіні секілді талай ғасыр өтсе де өшпес еңбегі айқындала дараланып, ұрпағына жеткен Ұлықбек бабаңның мақтанып айтар ғұмыры осындай.

Жүніс САХИЕВ,
жазушы-фантаст,
Астрономия-геодезия
қоғамының толық мүшесі.